


**«ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫНДАР —
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ДАМУАТ»
ҚҰРАЛЫ»**

Қазақ аудармасы: Т.К.Мырзашева





«Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама?» деп Қазақ халқының ұлы ойшылы А.Құнанбаев айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті.

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да-ойын әрекеті болып саналады. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады.

Интеллектуалдық ойындар – баланың мектепке дейінгі жасынан бастап, танымдық қабілеті мен әлеуметтік дағдыларының негізін қалайтын, білім алу және тәрбие процесіндегі жетекші іс-әрекеттің түрі, өмір құбылыстарының бірі, сондай-ақ баланың ақыл-ойын қалыптастыруға бағытталған әсерімен ерекшеленетін әрекет.

Танымдық ізденімпаздықты дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін

Я.А. Коменский қалады. Ол: «Таным бастамасы – сезімнен, бала сезіне білмесе, оның ой – өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек», — деп жазды.

Ойынның ерекшеліктеріне қарай балалардың көмегімен шешілетін міндеттерді, балалардың ойын әрекетінің қалыптасқандық деңгейін педагог өзінің ойынға қаншалықты қатысы бар екендігін, әрбір нақты жағдайдағы жұмыс әдістерін анықтайды.

Мектепке дейінгі педагогика ойынды бала тұлғасын жан-жақты тәрбиелеу құралы және балалар өмірін ұйымдастыру түрі, балалар қоғамын қалыптастыру және жеке тәжірибе (өмірдің әртүрлі жағдаяттарында өзін тұлға етіп көрсету) жинақтау құралы ретінде қарастырады). Сонымен, ойын балалардың өмірі мен әрекетін ұйымдастыру түрі ретінде күн тәртібінде және педагогикалық процесте тұтас өзінің нақты орнын алуы тиіс.

Балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасында күн тәртібінде ойын үшін бекітілген уақыт көрсетілген (ертеңгі жаттығу, серуенде, күндізгі ұйқыдан кейін). Педагог балаларды ынталандыру үшін, белсенділігін арттырып, жағымды эмоция туғызу үшін қандай тәртіптік процестерді ойын түрінде беру керек екендігін ойластыруы тиіс. Егер ойын іс-әрекеттің басқадай бір түрімен тығыз байланыстырылса, онда ойынның педагогикалық мүмкіндіктері артады. Ойынды еңбекпен, бейнелеу және конструктивтік іс-әрекетпен ұштастырған неғұрлым тиімді. Педагог балалардың іс-әрекетін ойын түрінде ұйымдастыра отырып, біртіндеп олардың белсенділігі мен ынталылығын дамытады, ойында өзін-өзі дамытудың объективті заңдылығы

